Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№22 (1848)
9 шілде
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

## 1186 түлек үздік диплом иегері атанды




**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті. Салтанатты жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты.**

«Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Сол себептен жаңа Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы, табысты және сұранысқа ие маман болмақ», – дей келе, ректор бітіруші түлектерді көптен күткен дипломын алып, ерінбей еңбек ететін сәтке жетуімен құттықтады.

Білім ордасын биыл 8058 түлек бітірді. Оның ішінде 6180-і бакалавр, ал олардың арасынан 1186 түлек үздік диплом иегері атанды. Сондай-ақ 1462 жас биыл магистр дәрежесін алса, 376 ізденуші докторантураны, 40 маман интернатураны тамамдап, ғылыми дәрежеге ие болды.

Сонымен қатар университет басшысы бітіруші түлектер арасында үздік студенттердің көп екенін ерекше атап өтті. Олардың бір бөлігі қос диплом бағдарламасымен білім алса, бірқатары ТМД-ның үздік студенттері атанды. Олардың арасында халықаралық, республикалық олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын да кездестіруге болады. Қазақстан Гиннесс рекордтар кітабына енген және ҚР «Шапағат» медалінің иегері, 100 үздік жас ғалым жобасының жеңімпаздары да бар.

Бұдан бөлек, университет биылғы оқу жылын үлкен жетістіктермен қорытындылады. QS жаһандық рейтингі бойынша университет 150-орынға көтерілді. Өткен оқу жылында университетімізде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

*Жалғасы 2-бетте*

## Құрбан айт – қасиетті мереке




**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докоранттары!**

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қасиетті мереке адамзатты бірлік пен ынтымаққа, ізгілік пен қайырымдылыққа үндейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған құттықтауында: «Құрбан айт мейрамы елімізде рухани құндылықтарды берік орнықтырып, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау жолында ерекше рөл атқарады. Бұл мереке Қазақстанда тұратын түрлі этнос және конфессия өкілдерінің өзара сыйластығы мен құрметін арттырып, достығын нығайта түседі», — деп атап өтті.

Ежелден иман мен дәстүрді ұйыстырып, ұлттық құндылықтарды ерекше дәріптеген халқымыздың ізгі амалдары қабыл болсын! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

## Білім беру үдерісі жаңғыртылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде биылғы оқу жылына қатысты қос мәселе күн тәртібіне шықты.**

Алдымен Диссертациялық кеңестердің жұмысы және докоранттардың қорғалуы туралы Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Хайдар Тасыбеков баяндама жасады. Ол биылғы ҚазҰУ Диссертациялық кеңестер қызметінің жалпы статистикасына шолу жасап, ғалым-оқытушылар тарапынан ерекше назар аударуды талап ететін мәселелерге тоқталды.

«Биыл 65 білім беру бағдарламасы бойынша 15 диссертациялық кеңес ашылды. Бүгінгі таңда қорғауға шыққан 89 докоранттың 77-сі ҚазҰУ-ға тиесілі», – деді проректор.

Спикер факультеттер бойынша 2019-2021 жылдардағы докоранттардың диссертация қорғау үлесіне сараптама жасады. Бұл көрсеткіштер бойынша үздік үштікке – заң, химия және химиялық технология, ақпараттық технологиялар факультеттері енді.



Сонымен қатар проректор Хайдар Тасыбеков соңғы үш жылдағы көрсеткіштерді келтіріп, докоранттардың диссертация қорғауға уақтылы шықпауына қатысты өзекті мәселелерді атап өтті. Олардың негізгісі халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымның болмауымен байланысты. Хабарлама барысында PhD-докоранттарды даярлау үдерісіндегі тәуекелдер картасы да көрсетілді. Нәтижесінде барлық қауіптерді азайту үшін докоранттардың қорғауға уақтылы шығуы бойынша жұмысты күшейту қажеттігі баса айтылды.

Кеңесте жазғы емтихан сессиясының сапасы мен тиімділігінің жай-күйін Басқарма мүшесі – академиялық сұрақтар жөніндегі проректор Фатима Жақыпова талдады.

*Жалғасы 2-бетте*



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Ұлытау ұлттың басын қосты**

3 >>



**Қоңыр көмір брикеті – жаңа энергия көзі**

4 >>



**Университет в созидании будущего**

5 >>

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №22 (1848), 9 ШІЛДЕ 2022 ЖЫЛ

# 1186 түлек үздік диплом иегері атанды



*Соңы. Басы 1-бетте*

Алдағы уақытта ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін салу жоспарлануда. Жобаға Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қолдау білдіріп, ҚазҰУ-да қонақта болды. Басқарма төрағасы оқу орнында атқарылған өзге де ауқымды жұмыстарға тоқталып, жаңа жауапты кезеңге қадам басқан жастарға ақ жол тіледі.

Құттықтаудан кейін Жансейіт Түймебаев ең үздік түлектерге диплом табыстады.

Шара барысында көпшілік назарына ҚазҰУ аумағында оқу ғимараттары, қызметтік тұрғын үй және студенттік жатақхана құрылысының II кезеңінің жоспары туралы бейнеролик ұсынылды.

Кездесуде түлектер университет қабырғасында сапалы білім алумен қатар, тұлға ретінде қалыптасып, жан-жақты мол тәжірибе жинағандарын толқыныспен жеткізді. Олардың ата-аналары сөз сөйлеп, ҚазҰУ оқытушылары мен басшылығына оқу кезінде жасалған зор мүмкіндік



пен қолдау үшін алғыс айтты. Бітірушілер өз кезегінде ел игілігі жолындағы еңбекке дайын екендерін білдірді.

Сөз соңында университет ректоры барлық түлектерге алдағы мансабында сенімді болуға кеңес беріп: «Сіздер еліміздің ең үздік университетінің бірі – ҚазҰУ-да білім алдыңыздар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дипломы сіздер үшін ұлттық және жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілік бен табысты болудың негізіне айналсын», – деді.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

# Білім беру үдерісі жаңғыртылды





*Соңы. Басы 1-бетте*

«2021/22 оқу жылында білім ордасында білім беру үдерісін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді, бұл өз кезегінде білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігі мен халықаралық ілгерілеуге оң әсер етті. Мамандар АҚШ (MIT, NYU, NCSU, UW), Сингапур (NUS) және Еуропаның (University of Amsterdam) жетекші университеттері тәжірибесін зерделеді, нәтижесінде ҚазҰУ-да қорытынды бақылау түрлері еселеп артты», – деді проректор. Ол биылғы және өткен жылғы жазғы сессия деректерін салыстыра отырып, ОПҚ мен студенттер үшін бақылаудың жаңа түрлері енгізілгенін жеткізді.

Сондай-ақ жазғы емтихан сессиясын ұйымдастыру түрлерін айта келе, алдағы атқарылуы тиіс міндеттерге мән берді. Қызметтің негізгі көрсеткіштерін оңтайландыру және бизнес үдерістердегі бюрократияға тосқауыл қою бойынша ұсыныстар дайындау тапсырылды. Барлық ұсыныс-



тар стратегиялық даму орталығына ұсынылмақ. Сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдану саласындағы бірыңғай техникалық саясатты, деректерді өңдеу жүйесін, телекоммуникация және байланыс құралдарын қалыптастырып, дамыту маңызды. Бұған қоса, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жазғы сессияны өткізуге байланысты сапалы мониторинг жүргізу және оқу үдерісіне, оның ішінде емтихан сессиясына, университетке түсу емтихандарына қатаң бақылау жүргізілуі тиіс. Проректор Фатима Жақыпова қазіргі таңда білім беру сапасы артқанына назар аударып, білім беру бағдарламаларын оңтайландыруға байланысты келесі жаңа оқу жылында емтихандар саны азаятынын мәлімдеді.

Жиын барысында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев гуманитарлық сала докторанттарының шетелдік жоғары рейтингілі ғылыми журналдарда мақала жариялауына байланысты қиындықтарды қозғады. «Докторанттарға қалай көмектесуге болатынын ойластырып, осы мәселенің шешімін табу қажет. Келесі жаңа оқу жылында бұл қиындықтар қайталанбауы тиіс. Ол үшін барлық тәуекелдерді ескеріп, жас ғалымдармен жоспарлы түрде белсенді жұмыс істеу керек», – деді ректор.

Сондай-ақ отырыста университеттің негізгі көрсеткіштерін жетілдіру туралы Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажеваның баяндамасы тыңдалып, жаңа оқу жылының білім беру бағдарламаларына қатысты басқа да мәселелер талқыланды.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

# Ядролық физика институтымен ынтымақтастық артады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» РМК өкілдерімен кездесті. Жүздесуде тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.**





Кездесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға бірқатар нақты ұсынысын білдірді.

«Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Біз ортақ ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттары бойынша бірлескен ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға дайынбыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім ордасындағы оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру үшін қажетті курстарды өткізуге дайын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев Жансейіт Қансейітұлы ұсынған бастамаларды қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін атап өтті.

«Біздің институт базасында 20 ғылыми-зерттеу зертханасы, зерттеу реакторы, сындарлы стенд, заманауи талдамалық эксперименттік жабдығы бар үш ғылыми-техникалық және екі оқу орталығы жұмыс істейді. Біздің ынтымақтастығымыз жоғары білікті кадрларды даярлауда айтарлықтай үлес қосады деп ойлаймын. Сондай-ақ биыл қыркүйек айында Ядролық физика институтының 65 жылдығы аталып өтетінін айтқым келеді. Осы ауқымды іс-шара аясында бес халықаралық деңгейдегі жиын өткізу жоспарланып отыр. Сіздерді де осы іс-шараға қатысуға шақырамын», – деді Саябек Сахиев.

Қорытындылай келе, қос тарап бірлескен жобалар бойынша жұмысты одан әрі жандандыруға дайын екендерін жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ядролық физика институты арасында консорциум құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы бастама арқылы бакалавриат, магистратура және докторантурада білікті маман даярлауда бірлескен білім беру бағдарламалары іске асырылатын болады.

**Назерке АСХАТҚЫЗЫ**

№22 (1848), 9 ШІЛДЕ 2022 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Ұлытау ұлттың басын қосты

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

**Қазақстан бүгінде жаңа даму жолына түсті. Қазір әлемде болып жатқан күрделі өзгерістер қоғамдағы мәселелерге жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай ел өміріндегі жаңа тарихи кезеңге жол ашып берді.**



Ұлттық құрылтай ұлтты ұйыстырудың, халықты ынтымақ пен бірлікке үндеудің, мемлекеттік саясатты жалпыұлттық негізге көшірудің, ел мен жердің рухын ұлттық болмыспен ұштастырудың айқын көрінісі.

Сын-қатерге толы тарихи кезеңдегі бұл бастама қаңтар қасіретінен халықтық сабақ алудың, Құрылтайда ел жаңа Қазақстанға бет алған жаңашыл көзқарастың куәсі болды. Отыз жылдық кезеңнің осал тұстарын қайта қарап, елдікке ұмтылудың қажеттілігі осы құрылтайдың күн тәртібіне көтерілді.

«Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол шын мәнінде жалпыұлттық жаңарған Қазақстанның жаңашыл жолын ашудың түсаукесер тағылымы болмақ.

«Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында «Алаш» партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз», – деді Мемлекет басшысы құрылтайды ашқан кіріспе сөзінде.

Ұлытау төріндегі Ұлттық құрылтайды халқымыз қуана күтті. Расында да, жаңа облыс атанып, оның үстіне тарихи Ұлытау жеріндегі құрылтайдың мәні мен мақсаты жалпы жұртымызға ортақ мәселе болатын.

Тарихи жиында айтылған ұтымды ой-пікірлер, ұсыныстар, шешімдер мен тұжырымдар жаңа Қазақстанның дамуына қатысты ең көкейкесті мәселелерге қозғау салды. Ұлттық құрылтайда талқыланған тақырыптардың барлығы да ел өмірінің жарқын болашағын қамтамасыз етіп, жаңа қоғамда жасалатын жаңа қадамдар жайы кеңінен сөз болды.

Бүгінгі қоғамда қордаланған мәселелерге жаңа қырынан қараған, халықтың көкейінде жүрген көкейкесті сұрақтарға жауап берген құрылтайда Мемлекет басшысы бірінші кезекте қандай міндеттерді шешу керек екеніне жан-жақты тоқталды.




жиынға айналуы керек. Бұл өте маңызды міндет. Біз жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен «Құрылтай» деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Құрылтай деген қарапайым, бірақ қазіргі кезеңге дейін сирек айтылып, аз қолданылып келген тарихи термин Мемлекет басшысының жаңашыл бастамасының нәтижесінде жалпыұлттық терминге айналды.

Ұлытау ұлттың басын қосты, ұрпаққа ұлағат қалдырды. Ынтымақ туы осы жерде көтерілді, ортақ ұран осы жерде айтылды.

«Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Тарихи Семей жерінің, жер жаннаты Жетісудің облыс болып қайта ашылуы Қоғамдық сенім кеңесі тұсында біраз әңгіме болып, халықтың үмітін оятқан болатын. Ел сөзі ел басшысының құлағына жетті. «Естітін мемлекет» халық тілегін іске асырды.

Президенттің пайымдауынша: «Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беру». Осы орайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуға тиіс негізгі мәселені атады:

«Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, ұлтты ұйыстыратын бірінші қасиет – атаққұмарлық емес, еңбекқорлық. «Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болуы керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс», – деді Мемлекет басшысы. Бұл да мемлекеттік қызмет реформасын жаңа талапқа сай жүргізу керектігін көрсетіп отыр. Құрылтайда бұл мәселе де назардан тыс қалған жоқ.

Президент жүргізіліп отырған реформалардың мән-маңызын халыққа дұрыс түсіндіруді екінші маңызды міндет ретінде атады. Қазір бұл жаңғырулар біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастаған. Мемлекет басшысы халықтың жаңа технологиялар арқылы ауқымды реформаларға қатысуын үшінші маңызды міндет ретінде атады.

Сонымен қатар Президент елімізде ана тіліне деген құрметтің жоғары болатынын шегелеп айтты. «Жақында әйгілі Apple компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын Nickelodeon телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен National Geographic журналы алты жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалық бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғаза жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда қазақ тілі жасай береді. Бұған ешқандай күмән болмауы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық құрылтайдың құрамына 117 адам енген. Олардың қатарында барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдері бар. Осы орайда, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай жұмысын ұйымдастыру жайында ой-пікірін білдіре келе: «Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесін ескереміз. Жаңаша ойлайтын жастардың тың идеяларын қолдаймыз», – деді Президент қорытынды сөзінде.

Президент құрылтай қозғау салған мәселелерді тиянақты іске асыру еліміздің жасампаздық дамуын жаңа белеске көтеретінін айрықша атап өтті. Бұл орайда, жауапкершілік әрбір Қазақстан азаматына жүктелетіні сөзсіз.

Басты жиында «Еститін үкімет» қағидаттарын жетілдіріп, билік пен халық арасындағы байланысты күшейтуге ерекше назар аударылды. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруден бастап, саясат, экономиканы өркендету, білім, ғылымды дамыту, ұлттық тәрбие мәселелері кеңінен қозғалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, ұлттық болмысты сақтай отырып, Қазақстан өз ішіндегі саяси тұрақтылықты, әлеуметтік келісімді және экономикалық жаңаруды күшейте беруге тиіс. Сонымен Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтай тарих сахнасына көтерілді. Онда айтылған ойлар мен ұсыныстар, идеялар мен пікірлер, арыз-өтініштер алдымызда аса ауқымды жұмыстар тұрғанын көрсетіп берді.

Ұлттық құрылтай тарихи сана мен рухани өзгерістердің жаңа кезеңінің уақыты келгенін, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен міндетін терең ұғынудың, ғылым мен білімді, жаңа технологияларды дамытудың, озық ел болудың тарихи тұжырымын жасады.

Осы тапсырмаларды берекебірлік танытып, бірге жүзеге асыру – міндетіміз.

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №22 (1848), 9 ШІЛДЕ 2022 ЖЫЛ

**Көмірді гидрогенизациялау, күйдіру және экстракция әдістері арқылы сұйық отынды және басқа да түрлі химиялық өнімдерді алу болашақта көмір химия өнеркәсібінің басым бағытына айналмақ. Қазіргі таңда бірқатар елдерде мемлекеттік және жеке компаниялар көмірден синтетикалық сұйық отын өндіру процестерін ауқымды зерттеулер жүргізу арқылы жандандыруда.**

Бүгінде Қазақстан нарығында да көмірден синтетикалық сұйық отын, гуминді препараттар және отын брикетін алу мәселелерін зерделеу өзекті болып отыр. Бұл жергілікті қатты көмірсутек шикізатын кешенді түрде өңдеуге мүмкіндік береді.



*Брикеттердің сыртқы бейнесі*

# Қоңыр көмір брикеті – жаңа энергия көзі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институтында химия ғылымының докторы, профессор Ж.Қайырбековтің жетекшілігімен Қазақстанның бірқатар кен орындарынан алынған (Ой-Қарағай, Мамыт, Шұбаркөл, Қиякты, Кендірлік, Қаражыра және т.б.) көмірді қайта өңдеудің кешенді технологиясы жасалды. Нәтижесінде сұйық синтетикалық мұнай өнімдерін, сорбенттер, катализатор тасымалдаушы белсенді көмірлер, антиоксиданттар сипатындағы химиялық қосылыстарды, бағалы газдар мен қатты органикалық және бейорганикалық қалдықтар алуға болады.





*Ой-Қарағай көмірінен жасалған құрамында полиэтилентерефталат бар брикеттердің жануы*

Статистикалық мәліметтер еліміздің жер қойнауында көмір қоры мұнай мен газ қорларынан едәуір басым екенін көрсетеді. Қатты отынның маңызды көзінен газ тәрізді және сұйық өнімдерді қарапайым технологиялық қайта құру арқылы алуға болады, олар құнды және технологиялық жылу көздері ғана емес, сонымен қатар әртүрлі химиялық заттар мен композициялық материалдарды алу үшін маңызды бастапқы өнімдер болып табылады.

Бөлшектік мөлшері 13 мм-ден төмен көмір елімізде өндірілетін көмірдің кемінде 50 пайызын құрайды. Республикада нарықтық қатынастың дамуы кәсіпорындарды жетілдірудің, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторларының бірі – өңірлерде маркетингтің барлық мүмкіндіктерін пайдалану. Бірақ халықтың өсуі мен оның өндіріс өнімдеріне деген қажеттілігінің артуы минералды шикізат қорларының сарқылуына әкеліп соқтырады. Осыған байланысты қалпына келтірілмейтін пайдалы қазбаларды кешенді өңдеу және пайдалану арқылы табиғаттан алынатын өнімдерді ұтымды тұтыну проблемасы туындайды.

Бұл мәселені шешудің ең тиімді әдістерінің бірі – агломерация және түйіршіктеу арқылы көмір мен ұсақ дисперсті материалды тегістеу. Жақында басқа масштабтау процесіне, яғни брикеттеуге деген қызығушылық күрт өсті. Агломерация процесі көбінесе кендердің шоғырлануына жатады, сондықтан бұл процесс мұнда қарастырылмайды.

Брикеттеу – бұл материалды геометриялық тұрақты және біркелкі пішінге, әр жағдайда біркелкі массаға, яғни брикеттерге өңдеу процесі. Көмірді брикеттеу кезінде ұсақ материалдардан, яғни жинақталған көмірлі ұсақ заттар мен шаңнан қосымша шикізат ресурстары құрылады.

Брикеттер өндірісінің проблемасы – әртүрлі кен орындарынан, тіпті бір кен орнынан алынады. Бірақ әртүрлі қабаттар мен учаскелерден алынған көмір шахтасы жеңіл (B1 және BZ маркалы көмір) және қиын брикеттелуге (метаморфизмнің жоғары дәрежесі бар тас көмір мен антрацит) дейінгі әртүрлі деңгейдегі брикеттелу қасиетіне ие. Бірақ жоғары технологиялардың пайдалана отырып жүргізілетін түрлі зерттеулерсіз жақсы тұтынушылық қасиеттері бар брикеттерді алу мүмкін емес.

Сонымен қатар брикеттердің тұтынушылық қасиеттеріне тұтыну кезінде олардың мақсатына байланысты шектеулер қойылады. Жалпы алғанда, брикеттер келесі мақсатта пайдаланылады:

– пеш пен каминді жылытуға арналған брикеттер оңай тұтануы керек;

– кәуап секілді тамақ дайындау үшін брикеттер түтінсіз жанып және улы болмауы керек;

– теміржол көлігінің вагондарында пайдалану үшін – брикеттер сақтауда және тасымалдауда берік болуы тиіс;

– мектептерде, ауруханаларда, әскери қалашықтарда, фермаларда, шалғайдағы жайылымдарда және т.б. қабатты жағатын шағын және орта қазандықтарда пайдалану үшін брикеттер тасымалданатын, атмосфераға төзімді және ұзақ уақыт (кемінде екі жыл) сақталуы тиіс;

– металлургия мен химия өнеркәсібінде пайдалану үшін брикеттер қоспалардан таза болуы керек.

Сонымен қатар барлық жағдайларда брикеттер мүмкіндігінше аз күл шығарып, бірақ жақсы жанатын қасиетке ие болуы керек. Осыған сүйене отырып, брикеттер көмірдің әртүрлі маркалары мен сорттарынан және әртүрлі мақсаттар үшін жасалады. Оларды өндіру үшін әртүрлі режимде және көптеген технологияларды қолдану арқылы сұраныска сай әртүрлі өнімділікте материалдық құрамы сан алуан брикеттер жасау – басты талап.







*Көмірді арнайы жабдықтармен брикеттеу*

Айта кету керек, біздің аймақ дамымаған инфрақұрылыммен ерекшеленеді. Бірақ құрылыс материалдарынан қара, түсті және асыл металдарға дейін әртүрлі пайдалы қазбалары бар кен орындары көп.

Зерттеу нысаны ретінде отын брикеттерін алу үшін Ой-Қарағай кен орнының көмірін таңдап алдық. Ой-Қарағай кен орнының ерекшеліктері мен артықшылықтары:

– кен орнының негізгі коммуникациялардан алыс орналасқан көптеген елді мекендерге жақын орналасуы (тасымалданатын отын: қатты, сұйық және газ тәрізді);

– аймақтағы басқа көмір кен орындарымен салыстырғанда негұрлым арзан ашық тәсілмен игеру мүмкіндігі;

– метаморфизмнің соңғы сатысындағы қоңыр көмірдің жоғары сапасы (көмір, карбонизация), күлі 14-18 пайыз, сода мөлшері 0,8 пайыз, фосфор 0,5 пайыз және жану жылуы 22,5-24,3 МДж/кг;

– көмірдің арзандығы сұйық синтетикалық отын, яғни бензин, қазандық, дизель және зымыран отынын алу үшін бағалы шикізат ретінде қарастырылады;

– фосфор және ферроқорытпа салаларында тотықсыздандырғыш ретінде қолданылатын жартылай кокс және арнайы кокс алу мүмкіндігі;

– көмір қарашірік қосылыстарына бай болғандықтан, одан өсімдіктердің өсу стимуляторларынан бастап, тағамдық қоспаларға дейін гуминді көпфункциялы препараттарды шығаруға болады.

Ой-Қарағай көмірін өндіру кезіндегі ұсақ-түйек көмір шығымы 40 пайызды құрайды. Сондықтан біз оны брикеттеу туралы мәселені қарастырып жатырмыз. Ой-Қарағай кен орнының көмірі орташа техникалық беріктігімен сипатталады. Тауарлық көмір орта есеппен 56-64 пайыз ірілік класы +13 мм және 30 пайызы 6 мм-ден аз көмірден тұрады. Бұл құбылыс көмір бөлшектерін брикеттеу технологияларын қолдануға сұранып-ақ тұр деуге болады.

Жыл сайын сексеуілдің көп мөлшері азайып, пештердің түтін газдарынан атмосфера мен топырақ ластануына байланысты экологиялық таза брикеттер өндіру технологиясын жасау проблемалары өзекті болып отыр. Теміржол вагонының титандары үшін берік брикеттер, шалғайдағы жайылымдардағы пештер үшін атмосфераға төзімді, халық үшін барынша калориясы жоғары және т.б. өндіру проблемасы да өзекті. Бір сөзбен айтқанда, әртүрлі мақсаттағы экологиялық брикеттер өндіру проблемасы нарық пен экологияның басты сұранысына айналды.

Мәселен, елімізде көмір брикеттеріне қажеттілік ақшалай мәнде 12-20 млн АҚШ долларын, ал кокс өнімі бойынша 45-65 млн АҚШ долларын құрайды. Көмір ұнтағының бағасы төмен болғандықтан, мұндай брикеттердің құны тас көмірдің құнынан аспайды. Демек, тұтынушыларға қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді.

**Индира ЖОЛДЫБАЕВА,**
*PhD докторы*

№22 (1848), 9 ШІЛДЕ 2022 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Университет в созидании будущего

**Как-то из одного отчета, посвященного последней юбилейной дате КазНУ имени Аль-Фараби, я узнал, что за все годы существования наш университет, флагман вузовского образования в Республике Казахстан, выпустил более чем сто тысяч специалистов. Эта цифра поразила меня и заставила задуматься.**

Сто тысяч – это же целая армия специалистов разного профиля? Армия интеллектуалов, заряженных креативной энергией, вошедших в плоть и кровь развития нашего народа, участвовавших во всех ее делах и свершениях, легионы людей, которые стали учеными, политиками, государственными деятелями, преподавателями, журналистами, поэтами, писателями, то есть той массовой силой, которая реально подвигала нацию к ее поступательному движению в будущее. И я вспомнил свои молодые студенческие годы, когда, глядя с балкона общежития на обширный яблоневый сад, на территории которого возводились корпуса университета, думал о том, что было бы здорово остаться работать в стенах родного университета. Мои мысли тогда словно кто-то услышал, мне предложили продолжать учебу в аспирантуре. И теперь, когда прошло с той поры более чем сорок лет, я понимаю, что нисколько не сожалею о своем выборе, ибо меня не покидает ощущение, что я участвовал в светлом действии многотысячного коллектива лучших людей – в наступлении на будущее и ее созидании.



Созидание будущего – это, прежде всего, умение создавать планы и программы социально-экономического и научно-образовательного развития страны, обучение людей, которым суждено все это осуществить, обдумывание и претворение в жизнь новой техники и технологий, всей предметной сферы будущего социума. И многое другое, в чем активно участвовал наш университет со своим коллективом и армией выпускников в течение почти девяноста лет. Если все это окинуть единым взором в пространстве и времени, это – самое настоящее наступление армии людей, вооруженных знанием, только сложно дифференцированной по ячейкам и ярусам времени и растущего социума, где каждый человек в бытии – это судьба. Уверен, каждому такому человеку, личности, вооруженной знаниями, наш университет дал практически все необходимое, а самое главное – заряд жизненной энергии, позитивный настрой, патриотизм, уверенность в себе и своем народе. Я так это ощущаю, то есть для меня университет – это словно огромный живой организм, действующий по особым и перспективным программам, связанный с аналогичными структурами на всей планете. Роботы, которые сейчас работают на Марсе и Луне, зонды, которые летят в дальнем космосе, начинающаяся экспансия человечества в космосе, разве это не прямое следствие деятельности университетов планеты? Но не только это имеет огромное значение для человечества. Провиденциальное значение имеют и спасение живой природы, морей, рек и озер, сдерживание пустынь, защита видов животных и насекомых, растений, обогащение биосферы, создание новых лекарств, тотальное одухотворение и гуманизация всех отношений между человеком и природой, соучастие в эволюции всех существ планеты. Как говорится, планов – громада! Но все это реальные дела, и на некоторых областях уже видны прорывы в будущее. Например, космонавтика руками частных компаний, дебюрократизация научно-технического прогресса, достижение сегодня того, что мнилось в технике и энергетике делом конца XXI века.

Казахстан имеет безграничные природные ресурсы, у нас есть редкоземельные ископаемые, которых нет в других странах. Чтобы все это реализовать с высоким КПД нам нужно численно увеличить наш народ в несколько раз, дать ему качественное образование, технику и технологии, позитивную идеологию, избежать социальных катаклизмов и столкновений. Все это требует мудрой политики и их исполнителей. Все это, так или иначе, касается университетов республики. Считаю, что армия выпускников КазНУ имени Аль-Фараби, работавшая на ниве прогресса Казахстана, к данному историческому моменту выполнила и с успехом продолжает выполнять свою миссию. В этом нет никакого сомнения. Она в авангарде, в ядре поступательного движения нашей страны. Пусть будет и далее так, пусть эта армия специалистов растет и множится, становится сильнее.

**А. ЖАКСЫЛЫКОВ,**
*доктор филологических наук, профессор, член союза писателей РК*

# Эффективность тестирования

**Президент Касым-Жомарт Токаев указал на необходимость системных реформ и определил основные направления. Одно из них – национальный проект качественного образования «Білімді ұлт». Не секрет, что тестирование как одна из форм обучения крайне востребована в ВУЗе так как позволяет не только объективно и непредвзято оценить степень освоенности учебным материалом, но и оперативно осуществлять такой контроль с многочисленными учебными группами студентов. В связи с чем, для читателя будет интересен собственный опыт контроля знаний в преподавании с использованием тестирования на факультете международных отношений КазНУ имени Аль-Фараби уже в течении четырех лет с 2019 года по настоящее время.**

